

и обвиняемого, а также комплексным правовым институтом. Нормы гражданского права устанавливают материальные основания и условия, с наличием которых связано наступление гражданско – правовой ответственности за вред, причиненный незаконными действиями государственных органов и их должностных лиц. Право реабилитированного на возмещение вреда (ст. 923 ГК РК) следует распространить на все случаи незаконного применения любой меры пресечения и привести в соответствие со ст. 40 УПК РК, которой урегулирован процессуальный порядок общественных отношений, связанных с реализацией данного вида ответственности.

1. Томин В.Т. Острые углы уголовного судопроизводства. - М., 1991.– 295 с.
2. Шадрин В.С. Обеспечение прав личности при расследовании преступлений. - Волгоград, 1997. – 311 с.
3. Комментарий к Гражданскому кодексу Российской Федерации: Часть вторая (постатейный). Изд. 5-ое, исп. и доп. с использованием судебно-арбитражной практики / Под ред. О.Н. Садикова. - М.: Инфра-М, 2006. – 275 с.
4. Мазалов А.Г. Гражданский иск в уголовном процессе. - М., 1977.– 265 с.
5. Безлепкин Б.Т. Отраслевая принадлежность института возмещения ущерба реабилитированному // Советское государство и право. - 1989. - №1. – С. 72.
6. Ярошенко К.Б. Жизнь и здоровье под охраной закона. - М., 1990. – 290 с.
7. Бойцова В.В., Бойцова Л.В. Реабилитация необоснованно осужденных граждан в современных правовых системах. - Тверь, 1993. – 258 с.
8. Громов Н.А., Полуниин С.А. Санкции в уголовно-процессуальном праве России. - М.: Городец, 1998. – 256 с.

In given article the author considers some questions compensation of the harm caused by illegal application of a preventive punishment suspected or accused on criminal case.

Мақалада автор қылмыстық іс бойынша сезікті мен айыпталушыға бұлтарпау шараларын заңсыз қолданғаны үшін келтірілген зардаптың орнын қалпына келтірудің кейбір сұрақтарын қарастырады.

М.Қ. Бисенова

ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСАЛҒАН ӘРЕКЕТТЕРДІ СУБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫНАН ЖІКТЕУ

Егер қорғанушы өзіне немесе басқа бір тұлғаға қатысты өмірлеріне қауіп төндіретін, зорлық-зомбылықпен немесе осындай күш көрсетудің тікелей қаупімен байланысты шабуыл жасалып жатқандығын ұғынса, және өз құқықтарын, жеке тұлғасын, заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғау мақсатында, шабуылдаушыға қатысты күш қолданғысы келсе, онда шабуылдаушыға кез келген ауырлықта зиян келтіру қажетті қорғаныс жағдайында жасалған әрекет болып саналады. Енді қылмыстық заңның жаңа редакциясы бойынша қорғанушы өзіне шабуыл жасалған кезде, қолсұғушылық өміріне айқын қауіп төндіретін болса, қорғаныс құралдарының шабуыл сипатына сәйкес келуі туралы ойламауы тиіс.

Егер қорғанушы өзіне жасалған қастандықтың кенеттілігі салдарынан шабуыл қауіптілігінің дәрежесі мен сипатын объективті түрде ұғына алмаса және өз құқықтарын, жеке тұлғасын, заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғау мақсатында, шабуылдаушыға қатысты күш қолданғысы келсе, онда шабуылдаушыға кез келген ауырлықта зиян келтіру қажетті қорғаныс жағдайында жасалған әрекет болып саналады.

Егер қорғанушы өзіне немесе басқа бір тұлғаға қатысты олардың өмірлеріне қауіп төндіретіндей зорлық-зомбылықсыз немесе осындай күш көрсетудің тікелей қаупімен байланысты шабуыл жасалып жатқандығын ұғынса, және өз құқықтарын, жеке тұлғасын, заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғау мақсатында, шабуылдаушыға қатысты қастандық сипаты мен қаупіне сәйкес күш қолданғысы келсе, онда шабуылдаушыға осындай зиян келтіру қажетті қорғаныс жағдайында жасалған әрекет болып саналады.

Егер қорғанушы өзіне немесе басқа бір тұлғаға қатысты олардың өмірлеріне қауіп төндіретіндей зорлық-зомбылықсыз немесе осындай күш көрсетудің тікелей қаупімен байланысты шабуыл жасалып жатқандығын ұғынса, және өз құқықтарын, жеке тұлғасын, заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғау мақсатында, шабуылдаушыға қатысты қастандық сипаты мен қаупіне айқын сәйкес келмейтін зорлық көрсетуді қалаған болса, немесе ондай зорлық көрсетуді қаламаса да, оның жасалуын саналы түрде мүмкін деп санаса немесе оның жасалуына немқұрайды қараса, онда шабуылдаушыға осындай зиян келтіру қажетті қорғаныс шектерін асыру ретінде жіктеледі.

Қорғанушы қорғалатын мүдделеріне қоғамдық қауіпті қолсұғушылықты тоқтатып, болдырмау мақсатын ғана емес, сонымен бірге қолсұғушының сазайынын тарттыру мақсатын көздейтін жағдайларды да қажетті қорғаныс шектерін асыру ретінде жіктеу қажет, себебі екі мақсаттылықтың болуы қажетті қорғаныс шектерінің қасақана асырылуына алып келеді. Шабуылды төбелес бастау,

сазайын тарттыру, кек алу актінің жүзеге асыру сияқты заңға қайшы әрекеттерді жасау үшін сылтау ретінде пайдалану үшін қасақана бастайтын тұлға да қажетті қорғаныс жағдайында болды деп саналмайды.

Егер тұлға оқиға жағдайының салдарынан қолсұғушылықтың орын алғандығы туралы өзінің болжамының қателігін ұғынбаған болса және ұғына алмаса және өз құқықтарын, жеке тұлғасын, заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғау мақсатында, болжамды шабуылдаушыға қатысты зорлық көрсетуді қалаған болса, онда шабуылдаушыға осындай зиян келтіруді қажетті қорғаныс жағдайында жасалған әрекет ретінде жіктеу қажет. Егер бұл жағдайда тұлға сәйкес нақты қолсұғушылық жағдайында рұқсат етілген қорғаныс шектерінен асатын зорлық жасайтындығын ұғынса және оны қаласа, немесе ондай зорлық көрсетуді қаламаса да, оның жасалуын саналы түрде мүмкін деп санаса немесе оның жасалуына немқұрайды қараса, онда шабуылдаушыға осындай зиян келтіру қажетті қорғаныс шектерін асыру ретінде жіктеледі.

Егер зиян келтіруші тұлға қолсұғушылықтың болжамдылығын ұғынбаса, бірақ іс жағдайы бойынша оны ұғынуы тиіс және ұғына алатындай жағдайда болса, онда мұндай тұлғаның әрекеттерін абайсыздықпен зиян келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын ҚК баптары бойынша жіктеу қажет.

Егер қорғанушы ішкі сезім толқуы әсерінен шабуылдаушының өзінің қоғамдық қауіпті қолсұғушылығын тоқтатқандығын ұғынбай, оған зиян келтіруін жалғастыра беретін болса, тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселе оның тарапынан кінәнің болуы-болмауына байланысты болады. Тұлға тек қажетті қорғаныс шектерін қасақана асыру үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Тұлға қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтың тоқтатылғандығын ұғынып, өз бетімен жазалау мақсатында, қолсұғушыға зиян келтіргісі келген жағдайда, қылмыскерге белгілі бір уақыттан кейін зиян келтіретін тергеусіз сотты кешіктірілген қорғаныстан ажырата білу керек. Қажетті қорғаныстың субъективті негіздемесі ретінде арнайы мақсаттың, дәлірек айтқанда, жеке тұлғаны, қорғанушының немесе басқа тұлғалардың құқықтарын, заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүдделерін қауіпті қолсұғушылықтан қорғау саналады.

Қажетті қорғаныс шектерін асырған тұлғалардың әрекеттерін олардың жасырын ниеттерінің бағыты бойынша емес, іс жүзінде орын алған салдарына байланысты жіктеу қажет деп санайтын ғалымдардың пікірі даулы болып табылады. Мұндай жіктеу қорғанушы белгісіз, баламалы немесе жанама жасырын ниетпен әрекет еткен жағдайда ғана мүмкін болады. Егер тұлға өз әрекеттерінің қоғамдық қауіпін, өзі келтірген зиянның қолсұғушылық дәрежесі мен қауіптілігіне сәйкес келмейтіндігін ұғынған, нақты қоғамдық қауіпті салдардың, атап айтқанда, денсаулыққа нақты зиян келтірудің орын алу мүмкіндігін болжамдаған және осының орын алуын, келтірілуін қалаған кезде тікелей нақтыланған жасырын ниетпен әрекет еткен болса, онда қорғанушының әрекеттері жасырын ниеттің бағыты бойынша жіктелуі тиіс.

Адам өлтіруді, қажетті қорғаныс шектерін асыру барысында денсаулыққа ауыр зиян келтіруді жіктеу барысында оларды аффект жағдайында жасалған адам өлтіру мен ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруден ажырата білу қажет. Аффект (қатты ішкі толқу) жағдайында жасалған қылмыстар үшін зардап шегушіге зиянның қорғаныс мақсатында емес, демек, қажетті қорғаныс жағдайында емес келтірілуі тән болатындығын ескерген жөн. Егер тұлға бір уақытта қорғаныс жағдайында және аффект жағдайында болса, онда қатты ішкі толқу күйі маңызды болмайды, себебі бұл жағдайда әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын жағдайлардың бірі орын алады.

Тұлға әрекеттерінде қажетті қорғаныс шектерін асыруды дұрыс жіктеу үшін қылмыскердің нақты қоғамдық қауіпті әрекеттегі кінәсінің табиғаты туралы мәселеге тоқталып кеткен дұрыс.

«Кінәнің психологиялық табиғатына» сәйкес кінә тұлғаның жасаған қоғамдық қауіпті әрекетіне және орын алған қоғамдық қауіпті салдарға қатысты, жасырын ниет пен абайсыздық түрінде көрініс табатын психикалық қатынасын білдіреді. Осы тұжырымдамаға сүйене отырып, жасалған қылмыстағы кінә - бұл заң қолданушымен белгіленуіне қарамастан, тұлғаның қылмыстық әрекетінде әркез объективті түрде болатын факт. Бұл факт алдын ала анықтау, алдын ала тергеу және сотта қаралу барысында дәлелденуі тиіс және іс бойынша жиналған барлық айғақтардың негізінде сотпен мойындалады. Тұлғаны қылмыс жасауда кінәлі деп табатын сот үкімі ол қоғамдық қауіпті әрекетті жасады деп тағылатын және судья санасынан тыс объективті түрде болатын кінәні білдіретін жағдайда ғана дұрыс болып табылады.

Қажетті қорғаныс шектерін асыру ретінде қолсұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне анық сәйкес келмейтін қасақана жасалған әрекеттер ғана саналады. Бұл жағдайда кінә былайша берілуі мүмкін: тұлға өз әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін ұғынады, яғни, жасалған шабуылдың сипаты мен қауіпін айқын сәйкес келмейтін әрекет жасағанын ұғынады, қоғамдық қауіпті салдардың орын

алу мүмкіндігін немесе шарасыздығын болжайды олардың орын алуын қалайды немесе қаламайды, бірақ саналы түрде олардың болуын мүмкін деп санайды немесе оларға немқұрайды қарайды. Сондықтан қажетті қорғаныс шектерін асыру қасақана да, абайсыз да әрекеттермен жасалуы мүмкін деп санайтын ғалымдардың пікірі даулы болып көрінеді.

Қажетті қорғаныс шектерін асыру ретінде, сондай-ақ, тұлға әйтсе де қастандылықтың кенеттілігі салдарынан шабуыл дәрежесі мен қауіптілігін объективті түрде бағалай алған кезде, қолсұғушылықтың сипаты мен қауіптілігіне айқын сәйкес келмейтіндей зиян келтіру де мойындалады. Бұл жерде қалыптасқан жағдайды қос бағалау орын алады: қорғаушы шабуыл қаупінің дәрежесі мен сипатын бағалайды, ал сот қорғалушының шабуыл қаупін объективті түрде бағалай алуы-алмауын анықтайды. Осыған орай, міндетті түрде келесі сұрақтар туындай бастайды: келтірілген бағалардың қайсысы екіншісінен басым болуы тиіс, және қорғалушы мен сот пікірлері сәйкес келмеген жағдайда, қылмыс қандай бағаға сәйкес жіктелуі тиіс?

Кінә қағидасына сәйкес тұлға тек кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті мен орын алған қоғамдық қауіпті салдары үшін қылмыстық жауапқа тартылады. «Кінәнің психологиялық табиғатын» негізге ала отырып, тұлғаны қажетті қорғаныс шектерін асыруда кінәлі деп табу үшін, сот тұлғаның өзі жасаған әрекетіне қатысты жасырын ниет түрінде көрініс табатын психикалық қатынасын анықтап алуы тиіс. Тұлға шабуыл қаупінің сипаты мен дәрежесіне айқын сәйкес келмейтіндей зиян келтіретіндігін біліп, оны келтіруді қалайды, немесе қаламаса да, оны саналы түрде мүмкін деп санайды немесе оған немқұрайды қарайды.

Тұлға бар назары мен мұқияттылығын сала тұра, шабуыл жасаушыға қолсұғушылық қаупінің сипаты мен дәрежесіне сәйкес келетін, бірақ іс жүзінде ондай болып табылмайтын зиян келтіргендігін ұғынған жағдайдағы қылмысты қалай жіктеу керек? Тұлға іс жүзінде, шабуыл мәнін бағалау қабілеті болғандығына қарамастан, кенет шабуыл барысында қолсұғушылық қаупін объективті түрде бағалай алмадым деп санаған кезде, қажетті қорғаныс жағдайында әрекет еткен болып санала ма?

Қажетті қорғаныс шектерін асыру тек қасақана жасалған жағдайда ғана қылмыстық жазалаға тартылады деп саналады. Егер де тұлға шабуыл жасаушыдан қорғанған кезде, өзіне шабуыл қаупінің сипаты мен дәрежесіне айқын сәйкес келмейтін зиян келтірілетіндігін ұғына тұра, менмендікпен оның келтірілмеуіне сенген болса, немесе бар назары мен мұқияттылығын сала тұра оны болжай алуы тиіс болғандығына қарамастан, мұндай зиянның келтірілу мүмкіндігін болжай алмаған болса, қылмыс абайсыздықпен жасалған болып саналады. Қажетті қорғаныс шектерін абайсыздықпен асыру қылмыстық жазаға тартылмайды.

Егер қорғалушы бар назары мен мұқияттылығын салып әрекет ету барысында шабуылдаушыға зиян келтіретіндігін ұғынғанымен, қорғаныстың шабуыл қаупінің сипаты мен дәрежесіне айқын сәйкес келмейтіндігін түсінбесе, әйтсе де, қалыптасқан жағдайда мұны ұғынуы қажет болса, оның әрекеті абайсыздықпен жасалды деп саналмайды. Мұндай жағдайлар қажетті қорғаныс шектерін қасақана асыру болып жіктелуі тиіс.

Қажетті қорғаныс шектерін асырудың болуы немесе болмауы туралы мәселені шеше келе, соттар тұлғаның жасалған қылмыстық-құқықтық әрекетіне қатынасын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар, қорғаныс құралы мен шабуылдың сәйкестігін немесе сәйкессіздігін, қорғалушыға төнген қауіп сипатын, оның қолсұғушылыққа қарсы тұрудағы күштері мен мүмкіндіктерін, сондай-ақ, қолсұғушы мен қорғалушының нақты арақатынасына әсер етуі мүмкін басқа да жағдайларды анықтайды.

Өкінішке орай, соттың шабуылға қатысты объективті жағдайларды бағалауы тұлғаның қолданатын қорғаныс түріне деген психикалық қатынасымен салыстырғанда, басым болып табылады. Тұлғаның қолсұғушылық сипаты мен қауіптілігіне айқын сәйкес келмейтін қорғаныс шектерін асыратындығын ұғынғандығы және осындай салдардың орын алуын қалағандығы әркез анықтала бермейді, ал бұл іс жүзінде міндетті түрде объективті кінә тағуға алып келеді.

Құқыққорғаушы органдар, сот өздерінің нақты іс-әрекеттерінде қандай да бір қылмыстық-құқықтық әрекетті тұлғаның өз қылмыстық әрекетіне деген психикалық қатынасына, қылмыскердің ұғынып, қалағанына емес, алдын ала анықтаушының, тергеушінің, соттың пікірі бойынша субъект біліп қалағанына сәйкес жіктейді, яғни, өзінің жеке болжамдарын бағалайды.[1]

Бір жағынан, сот бағасы тұлғаның, айыптының қылмыс жасауға деген шынайы психикалық қатынасын зерделеудің орнын баса алмайды, ал екінші жағынан, қылмыскер өзінің қылмысқа деген шынайы психикалық қатынасының орнына басқа неғұрлым тиімді психикалық қатынасты көрсетіп, оны жасыра алады.

Қылмыстық-құқықтық әрекетті тек тұлғаның жасалған әрекетке деген психикалық қатынасына сәйкес жіктеу дұрыс болмайды, дегенмен, мұндай жағдай кінә қағидасына қайшы келеді. Бұл жерде мәселе қылмыскердің қылмысқа қатысты анықталған қатынасы салыстырмалы түрде ғана шынайы

болатындығында болып отыр. Қылмыскердің қалауы, ниеті қайсыбір әрекеттерде әркез көрініс таба бермейді және қылмыскер қылмыстық процесс барысында өзінің шынайы ниеті туралы әркез айта бермейді. Демек, қылмыстық әрекетті жіктеу үшін, тұлғаның қылмыстық-құқықтық әрекетке деген «болжамды» анықталған психикалық қатынасынан басқа, қылмыскердің шындығында не қалағандығы және іс жүзінде не болғандығы туралы болжамды бағасы керек.

«Сот субъект әрекеттерінде қылмыстық құрамның болуын анықтап, оларды кінәлі деп бағалаған кезде, яғни, сотталушыны қасақана немесе абайсыз әрекет еткендігінде айыптаған» жағдайда, шын мәнісінде, кінә соттың пікірі бойынша мемлекет тарапынан теріс (моральдық-саяси) қоғамдық бағаға лайық болып табылатын және сотталушыны қылмыстық жауапкершілікке тартылуын талап ететін жағдайлардың жиынтығы болып табылады. Психикалық қатынастың дәл осындай ұғынылуы «кінәнің бағалау табиғаты» мектебіне тән болып табылады.

Қылмыстық құқықтағы басым «кінәні психологиялық ұғыну» доктринасы «кінә табиғатының бағалау мектебін» жоққа шығара отырып, өз жалғасында соған келіп тіреледі. Екі тұжырымдаманы да жоққа шығармай-ақ, қылмыстық-құқықтық әрекеттің дұрыс жіктелуі тек оларды қатар үйлестіре пайдалану барысында ғана мүмкін болатындығын көрсетуге болады. Бастысы, субъектінің теріс мінез-құлқының бағасын сот өзінің жеке төрелік қарауы бойынша емес, қолданыстағы заң негізінде белгіленуі керек.

Сот тұлға әрекеттерінде қажетті қорғаныс шектерін асыруды жіктеу туралы мәселені шешкен кезде, тұлғаның өзінің жасаған әрекетке деген қатынасын ескереді, бұл «кінәнің психологиялық табиғатының тұжырымдамасына» негізделеді, сонымен қатар, болған жайтқа берген өз бағасын ескереді, дәл осы тұс «кінәні бағалау ұғыну мектебіне» тән болып табылады. Расында да кінәнің мәні кінәнің «психологиялық» және «бағалау» тұжырымдамаларының өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады, енді «кінәнің аралас табиғаты» туралы сенімді айта беруге болады.

1. Пушечников А. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. Алма-Ата, 1970, 37-б.

2. Сидоров Б.В. Уголовно-правовые гарантии социально-полезного, правомерного поведения. 3. Советское уголовное право. Общая часть: Учебник / Под ред. М.А.Гюльфера, П.И.Гришаева. М., 1972, 152-б.

4. Арямов А.А. Об отдельных освещениях аспекта вины в отечественном уголовном праве / Вопросы совершенствования законодательства и правоприменительной деятельности: Сб. Науч. Тр. Челябинск, 148-б.

5. Ковалев М.И. Понятие преступления в советском уголовном праве. Свердловск, 1987, 99-б.

The article discusses the problems of training criminal acts on the subjective side

В статье рассматривается проблемам квалификации уголовно-правовых деяний по субъективной стороны

М.Ә. Төлеген

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІ ҮЙЛЕСТІРУДЕГІ БАҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап құқықтық мемлекет ретінде дамып, азаматтық қоғам институттары одан әрі қолдауға ие болып келеді. Елбасының әрбір халыққа жолдауы мен сөз сөйлеулерінде мемлекеттік дамудың тұрақтылығының негізі болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, заңның үстемдігін орнату мәселелерімен негізделген [1]. Оларда қылмыстық саясаттың барлық бағыттарының демократизацияланып, тиісінше ондағы ақпараттардың ашықтығы мен тұнықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Құқықтық саясатты ұйымдастыру деңгейіне қарап қоғамның мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың мүдделерін қорғау қабілеті бағаланады. Ал халықтың қатысуынсыз қылмыстылықтың алдын алуда жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес.

Демократиялық, құқықтық мемлекетте мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ қылмыстылықтың алдын алу саласындағы қызметтерін сынаудың заңи шектерін анықтау, қоғамдық өмірдің мәселелерін халықтың қатысуымен шешу, мемлекеттік органдардың, БАҚ, және қоғамдық ұйымдардың қызметтерін жандандыру да өте маңызды.

БҰҰ –ның экономикалық және әлеуметтік даму департаментінің рейтингі бойынша Қазақстан Республикасы «Электрондық Үкімет» (E-Government) бағдарламасы 2010 жылы ТМД көлемінде ең үздік деп танылды [2]. Бұл мәреде Қазақстан 46 орында, Украина – 54, РФ-59, Беларусь-64 орынды